



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ЭКСТЕРНАТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ





ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ


2-нұсқа:  
17.07.2024

ЭКСТЕРНАТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1 бет

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Экстернат нысанында оқытуға көшу тәртібі	2
3	Экстернат нысанында оқыту тәртібі	3
4	Қорытынды ережелер	4

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 17.07.2024
	ЭКСТЕРНАТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 бет

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Экстернат туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі Университет) экстернат түрінде оқыту және оқытуды ұйымдастыру тәртібін анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Қазақстан Республикасының Заңымен;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының ережесі;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі №ҚР ДСМ-34 бұйрығымен бекітілген дәрігерлік – консультативтік комиссияның қызметі туралы ережемен бекітілген;
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 02 қазандағы № 389-НҚ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысымен бекітілген.

## 2 ЭКСТЕРНАТ НЫСАНЫНДА ОҚЫТУҒА КӨШУ ТӘРТІБІ


2.1 Экстернат – білім алушы білім беру бағдарламасының (БББ) оқу пәндерін сабаққа ұдайы қатыспай-ақ, өздігінше оқитын оқыту нысаны.

2.2 Университетте экстернат нысанында оқыту білім алушылардың сәйкес білім беру бағдарламаларын өздігінше немесе қашықтықтан оқыту технологияларын пайдаланумен игеруін қарастырады.

2.3 Экстернат нысанында оқыту жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушыларға дәрігерлік-консультативтік комиссияның (ДКК) қорытындысы негізінде беріледі.

2.4 ДКК медициналық ұйымда уақытша еңбекке жарамсыздықты сараптау және тыныс-тіршілікті шектеу критерийлері, қаралушыны медициналық-



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 17.07.2024
	ЭКСТЕРНАТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3 бет

әлеуметтік сараптамаға жіберу мәселелері бойынша шешім қабылдау және т. б. үшін құрылады.

2.5 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар және денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт бойы оқу сабақтарына қатысуға мүмкіндігі жоқ мүгедектер оларда аурудың болуы немесе болмауы фактісін анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын анықтау мақсатында медициналық куәландырудан өтеді.

2.6 ДКК оқу қызметін жүзеге асыруға тұрақты немесе уақытша медициналық қарсы көрсетілімнің болуы туралы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы» 026/у нысаны бойынша медициналық қорытынды береді.

2.7 Экстернат нысанында оқыту ДКК медициналық қорытындысында көрсетілген кезеңге, оқытудың бір немесе екі академиялық кезеңіне (семестр, оқу жылы) беріледі.

2.8 Экстернат нысанында оқуға рұқсат алу үшін университет ректорының атына өтініш білім алушыларға ағымдағы оқу жылы немесе академиялық кезең басталғанға дейін демалыс уақытында беріледі.

2.9 Өтінішке ДКК қорытындысын қоса беру қажет.

2.10 Бірінші курсқа түскен ерекше білім беру қажеттілігі бар және мүгедек жандар экстернат нысанында оқуға өтінішті бірінші курсқа тіркеу жөніндегі бұйрықтан кейін береді.

### **3 ЭКСТЕРНАТ ТҮРІНДЕ ОҚЫТУ ТӘРТІБІ**


3.1 Экстернат нысанында білім алу жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

3.2 Экстернат білім алушысы ағымдағы оқу жылына немесе академиялық кезеңге арналған оқу жұмыс жоспарына сәйкес жеке оқу бағдарламасын және консультациялар кестесін жасайды. Бұл ретте білім алушының денсаулық жағдайы ескеріледі.

3.3 Экстернатта білім алушыларға кеңес беру оқытушының білім алушымен телефон арқылы, Platonus ААЖ платформасының көмегімен, электрондық поштаны немесе WhatsApp, т.б. қосымшаларды пайдаланумен, бейнеконференциялар арқылы тілдесуі түрінде өткізіледі.

3.4 Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау кезінде экстерндердің білімін бақылау академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушылармен күндізгі уақытта жүргізіледі.

3.5 Үлгерімге ағымдағы бақылауды өткізу және қол жетімділік рейтингін қою келесілер арқылы іске асырылады:

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	2-нұсқа: 17.07.2024
	ЭКСТЕРНАТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4 бет

- Оқытушының білім алушымен бейнеконференция арқылы онлайн режимінде тікелей тілдесуі;
- Platonus ААЖ платформасы арқылы тестілеуді өткізу;
- Ғаламтор (интернет) желісі арқылы жіберілетін жазба тапсырмаларды тексеру;
- Шығармашылық жұмыстардың аудио/бейне материалдарын, сканерленген және фотобейнелерін тексеру.

3.6 Аралық аттестаттауды өткізу білім алушының тікелей қатысуымен Университетте емтихан сессиясы кезінде іске асырылады. Емтихандарды Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің (АМЖҚ) рұқсаты бойынша қашықтықтан оқыту пішімінде тапсыруға болады. Бұл жағдайда аталған бөлім аралық аттестаттауды қашықтықтан өткізу қажеттігін негіздеумен кафедраның ұсынуы бойынша әрекет етеді.

3.7 Аралық аттестаттауды өткізу емтихан сессиясы кезінде университетте білім алушының жеке қатысуымен жүзеге асырылады. Кафедраның ұсынысы негізінде АМЖҚ рұқсатымен онлайн режимінде аралық аттестаттау емтихандарын тапсыруға рұқсат етіледі.

3.8 Қорытынды аттестаттауды өткізу мемлекеттік емтихандарды тапсыру және/немесе бітіру біліктілік жұмысын қорғау кезінде университетте білім алушылардың жеке қатысуымен ғана жүзеге асырылады.

3.9 Егер білім алушының мемлекеттік білім беру гранты болса, экстернат нысанында оқу ақысы мемлекеттік бюджеттен төленеді, бұлай болмаған жағдайда ол ақылы негізде оқиды.

#### **4 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

4.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

4.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.